

БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ТІЛІ

2 сынып Қазақ тілі ашық сабақ

ЖАРИЯЛАНДЫ
16.11.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/63063/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

2СЫНЫП ҚАЗАҚ ТІЛІ

Автор: Акапова Жансулу Куанышовна

Бағыты: Бастауыш сынып

Бөлімі: Ашық сабақ

Сыныбы: 2сынып

Жарияланған уақыты: 10.11.2019

Қазақ тілінен «Қысқарған сөздер» тақырыбында ашық сабақ**Материал жайлы қысқаша түсінік:** Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған

Сабақтың тақырыбы: Қысқарған сөздер
Сабақтың мақсаты: Қысқарған сөздер туралы ұғымдарын кеңейту.
Сабақтың міндеті: 1. Қысқарған сөздерді жан-жақты талдату. 2. Салыстыру, талдау арқылы қорытынды шығара білуге дағдыландыру. 3. Өзін — өзі тәрбиелеуге, іс — әрекетіне баға беруге үйрету.
Күтілетін нәтиже: Қысқарған сөздер туралы толық мәлімет алады,

сөйлемдер ішінен ажырата біледі. Сабақтың әдіс-тәсілдері: семантикалық карта, топтастыру, «Пальма» әдісі, «Миға шабуыл» әдісі, «ЖИГСО» әдісі, тақырыптық түйінді сөздер, сұрақ-жауап, «Автор орындығы» әдісі. Сабақтың типі: жаңа білімді меңгерту. Сабаққа қажетті құралдар: интерактивті тақта, плакат, маркер. Сабақтың жоспары: Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу Қазақ тілім өз тілім, ана тілім, Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім Қастерлейді ұл — қызың мәңгісені, Болашағым, бақытым, дара тілім. - Міне, балалар ғұлама, кемеңгер ақындарымыздың тілі - туған тіліміз қазақ тілі сабағына бүгін қонақтар қатысып отыр. Қонақтарға амандасып, сабағымызды бастайық. Топқа бөлу Жылдың 4 мезгілі бойынша 1-топ **«көктем»**, **«қыс»**, **«жаз»**, **«күз»** Топ көшбасшысын тағайындау - сұқ саусақпен топ ережесімен, тәртіптерін бағалау - смайликпен бағалау критерийімен таныстыру, өтілген тақырыптарды қайталау Өтілген тақырыптар семантикалық кесте арқылы қорытындылау.

| мысалдар | Біріккен сөздер | Қос сөздер |
|-----------|-----------------|------------|
| Су-су | | |
| Тасбақа | | |
| Еңбеккүн | | |
| Екібастұз | | |

· Ал енді, қос сөз деген не? Біріккен сөз деген не? Ережесін қорытып шығарайық I. Қызығушылықты ояту.

- Күнді жазу Жиырманшы желтоқсан
- Сынып жұмысы
- Көркем жазу
- Ққ
- Қазақстан- тәуелсіздіктің 25 жылдығын тойладық.

· Сөздік диктант: қызылша, қаңтар, қоңырау, қалам, қияр, ақ, алақан, оқу, орақ, парақ, қонақ. Интербелсенді тақтаға 41 жаттығу жазылып тұрады. Қазақстан Республикасы-өзінің жер аумағы жағынан дүние жүзіндегі ең үлкен мемлекеттердің бірі. Қ.Р шығысында Қытай Халық Республикасымен, батысы мен солтүстігінде Ресей Федерациясымен шектеседі. Қ.Р мен Р.Ф

-өзара достық қарым-қатынастағы мемлекеттер.Ережесін қорытып шығару Қысқарған сөздер дегеніміз –бірнеше сөзден тұратын атаулар қысқартылып айтылады.. Мысалы: Қ.Р,БҰҰ, педкеңес-Балалар, сендей қалай ойлайсындар тағы қандай сөздер қысқартылып жазылады.-ия техника атаулары, оқу орындары, мемлекеттер, өлшем бірліктер.ГАЗ-51 АлМУ ҚР ҚарМУ кг АҚШ ИЛ-86 дм ҚР ҰҒА ТУ-154 ПМПИ , см, Ан-24 ҚХР II. Мағынаны ажырату.Оқулықпен жұмыс42-жаттығу-тақтаға орындауСөздерді оқы және әрқасысының тұсына қысқарған түрін жаз.БҰҰ, АҚШ,ҰҒА,ТМД жұппен тексеру43-жаттығу әр топ өз жаттығуын көшіреді және қысқарған сөздердің астын сызу1-топқа 1-ші сөйлем көшіруСергіту сәті44-жаттығу Тақтада орындауБерілген қысқарған сөздерді толық түрінде жазҚаз ҰПУ, Қаз ҰУ,ҚХР45 жаттығуТоптарға бөліп беру1.Сөздердің бастапқы дыбыстары алынады: ТМД,БҰҰ,ҚР,Р.Ф2.Бірінші сөздің алғашқы буынына екінші сөз өзгертілмей қосылып жасалады.- медколледж3.сөздердің бастапқы буындары алынады.4.бірінші сөздің бастапқы буынымен қалған сөздердің бастапқы дыбыстары алынады.Өлшем бірліктері: см,дм,мм,т,ц,46 жаттығу мәтінді түсініп оқы. Сан атауларын қысқартып қасындағы өлшем атауларымен бірге көшіріп жаз.

Сөздер банкiсi

«Ыстық орындық»

стратегиясыМақсаты: оқушылардың алған білімдерін жинақтау, қорытындылау, бекіту; «Ыстық орындық» стратегиясының шарты: топтар бір-біріне сұрақтар қояды, қойылған сұрақтарға жылдам жауап беру керек. Оқушылар үйде әзірлеп әкелген сұрақтарын топтарға арқылы қояды. Сұрақ «Ыстық орындық» болғандықтан, онда көп отыруға болмайды. Ойыншы жауап бере алмаса, топ ішінен бір бала жауап береді немесе топ болып жауап беруі қажет.**Тест тапсырмасы**1. Біріккен сөздер қатарын белгіле.А суыр, асқазан, шөп;В анда — санда, ащы ішек, асық;С қолбасшы, алтыбақан, түйеқұс.2. Күшейткіш буынның қосылуы арқылы жасалған қос сөздер қатарын белгіле.А сұп — сұр, тіп — тік, әп — әдемі;Б алай — дүлей, анда — санда, ар — ұят;С мая — мая, жалт — жұлт, апыр-топыр.3. Әртүрлі сөздердің қосарлануы арқылы жасалған қос сөздер қатарын белгіле.А үйір — үйір, түп — түгел, әке — шеше;Б жап — жасыл, қып — қызыл, әрең — әрең;С құрбы - құрдас, шыбын — шіркей, ойын — сауық.4.

Біріңғай мүшелері бар сөйлем қатарын белгілеА Машина жолмен жүрді;Б Асан мен Болат үйге келді;С суретті қызыл бояумен боядық.5. Қыстырма сөздер қатарын белгіле.А айтпақшы, сен, қандай;Б қысқасы, сөйтіп, әйтеуір;С немесе, несін айтасың, жаман әдет.Жауаптары: 1. с; 2. а; 3. с; 4. б; 5. б;ҚорытындылауБағалау топ басшысы Үйге тапсырма: 107 бет 47-48жаттығу

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.